



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 25 желтоқсан

2017 жылғы 15 желтоқсаннан 22 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

22 желтоқсандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,8%-ға (334,32-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 332,68 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 15 желтоқсаннан 22 желтоқсан аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ Конгресінің төменгі палатасының салық реформасының ағымдағы жобасын бекітуі, АҚШ экономикасының өсуі бойынша деректерді жарялау және Каталония парламентіне мерзімінен бұрын сайлау болды. Осы факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда біраз құбылмалығына әкеліп соқты.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Мексика песосы** билік етуші Институциялық-революциялық партияның бұрынғы қазынашысын білімге бөлінген ақшаны партия сайлауларын қаржыландыруға жұмсаған деген айыптау бойынша соттау аясында 3,3%-ға (19,12-ден 19-75-ке) әлсіреді.


- **Бразилия реалы** 1,2%-ға (3,30-дан 3,34-ке) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы бір АҚШ доллары үшін** 64,05 рупий деңгейінде саудаға түсті, айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ;

- **Индонезия рупиясы** 0,1%-ға (13 570-тен 13 556-ға) нығайды;
- **Ресей рублі** 0,8%-ға (58,76-дан 58,31-ге) нығайды;
- **Түрік лирасы** 1,3% -ға (3,86-дан 3,81-ге) нығайды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** 3,7%-ға (13,10-нан 12,62-ге) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, % (2017 жылғы 15 -25 желтоқсан)



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz